

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 278-VI ҚРЗ.

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 17 тамызда Астанада жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 5-бабын басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге қосымшаға (бұдан әрі - қосымша) 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

2	Токмақ - автожолдық	Шу облысы Шу ауданы	Сарытөбе - автожолдық	Жамбыл облысы Қордай ауданы	көпжақты халықаралық	тәулік бойы
3	Кең-Бұлын - автожолдық	Шу облысы Ыстық-ата ауданы	Аухатты - автожолдық	Жамбыл облысы Қордай ауданы	Көпжақты халықаралық	тәулік бойы

Қосымшаның 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

7	Шалдыбар - автожолдық	Шу облысы Панфилов ауданы	Сыпатай батыр - автожолдық	Жамбыл облысы Мерке ауданы	көп жақты халықаралық	тәулік бойы
---	--------------------------	------------------------------	-------------------------------	-------------------------------	--------------------------	----------------

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін қолданылады.

2018 жылғы 17 тамызда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің бірдей күші бар.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Хаттаманың қырғыз тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК